



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

2026 жылдың 13 қарашасында өтетін **«ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ – 2026»** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысуға шақырамыз.

Конференцияның мақсаты – ұлы гуманист, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани-шығармашылық мұрасын жан-жақты зерделеу, шәкәрімтанудың өзекті мәселелерін талқылау, жаңа ғылыми зерттеулер мен тың деректерді ғылыми айналымға енгізу, ақын мұрасының ұлттық руханияттағы орнын айқындау және пәнаралық ғылыми байланыстарды дамыту.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, түрік, орыс, ағылшын.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

1. Шәкәрім шығармашылығы және әдебиеттанудың өзекті мәселелері.
2. Шәкәрім шығармаларының тілі және қазіргі лингвистиканың зерттеу парадигмалары.
3. Шәкәрім мұрасы және тарихи-мәдени, философиялық сабақтастық.
4. Шәкәрім мұрасын оқыту және білім берудегі инновациялық ізденістер.

Конференцияға қатысу үшін **2026 жылдың 5 қарашасына дейін** ұйымдастыру комитетінің a.smagulova@shakarim.edu.kz электронды поштасына төмендегі құжаттарды жіберу қажет:

- белгіленген үлгі бойынша қатысуға өтінім (№1 қосымша);
- талаптарға сәйкес рәсімделген баяндама (№2 қосымша).

Конференция материалдары электрондық жинақ түрінде жарияланып, Шәкәрім университетінің ресми сайтына орналастырылады

Конференция координаторлары:

Смағұлова Ақмарал Төлеуғазықызы, «Абай және ұлттық руханият» ҒО-ның басшысы. Байланыс телефоны: 8-708-538-59-49.

Мұсағалиева Камшат Амантайқызы, «Абай және ұлттық руханият» ҒО-ның жетекші ғылыми қызметкері. Байланыс телефоны: 8-775-415-91-29.

Құрметті авторлар!

Талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар жинаққа енгізілмейді. Тезистер авторлық редакцияда басылады және қосымша түзетуден өтпейді. Өрескел қателіктер болған кезде конференцияның ұйымдастыру комитеті баспа басылымының сапасына жауап бермейді және жұмысты жарияламауға құқылы.

Құрметпен, Ұйымдастыру комитеті

Тапсырыс беру үлгісі

Аты-жөні (ТОЛЫҚ)	
Қызметі	
Ғылыми дәрежесі, атағы	
Жұмыс орны	
Конференция бағыты	
Байланыс телефоны	

№2 қосымша

Ұсынылатын материалдарды рәсімдеуге арналған талаптар

- формат – А4 беті
- мәтіндік редактор – Word 6,0 (7,0)
- шрифт – Times New Roman.
- жоларалық интервал – бір
- барлық шеттері – 20 мм
- абзац – стандартты (1,25 см)
- Ең жоғары жолдың сол жағынан FTAMP (Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік рубрикаты) қойылады. Сіз FTAMP кодын мына веб-сайттан ала аласыз: **WWW.GRNTI.RU**.
- Келесі жолдың ортасынан автордың аты-жөні, тегі **жартылай қара шрифтпен**.
- Келесі жолдың ортасынан ұйымның аты.
- Келесі жолдың ортасынан ел, қала, электронды почта.
- Келесі жолдың ортасынан **БАС ӘРІПТЕРМЕН жартылай қара шрифтпен** мақаланың тақырыбы жазылады.
- Келесі жолда мақаланың аннотациясы (40-50 сөз) 11 шрифтпен және курсивпен беріледі.
- Келесі жолда мақаланың тірек сөзі (5-6 сөз) 11 шрифтпен және курсивпен жазылады.
- Келесі жолдан мақаланың толық мәтіні 12 шрифтпен жазылады.
- Әдебиеттер тізімі – МЕСТ 7.1-2003 бойынша рәсімделеді. Мәтінде әдебиеттерге сілтемелер тік жақшаларда үтір арқылы рәсімделеді [1], [2, 3].
- Ұсынылатын мақала көлемі 4 беттен кем емес.

Мәтінді рәсімдеу үлгісі

FTAMP: 17.01.83

А.Б. Жұмабекова

Шәкәрім университеті

ҚР, Семей қ., zhumabekova@gmail.com

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының мәтіндік нұсқалары мен олардың қалыптасу тарихы қарастырылады. Зерттеу барысында ақын шығармаларының қолжазба нұсқалары, алғашқы басылымдары мен кейінгі жарияланымдарындағы мәтіндік айырмашылықтар салыстырылып, олардың туындау себептері талданады. Шәкәрім мұрасын ғылыми тұрғыдан жариялауда мәтіннің түпнұсқалығын сақтау, нұсқаларды салыстыру және канондық мәтінді анықтау мәселелеріне назар аударылады.

Тірек сөздер: Шәкәрім Құдайбердіұлы, текстология, қолжазба, мәтінтану, мәтіндік нұсқа, канондық мәтін, түпнұсқа.

Мәтін...

Әдебиеттер